

## **Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы**

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 178 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 сәуірде № 5019 болып тіркелді

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 07.11.2022 № 327 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 28 бабының 4 және 6-тармақтарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1. Алынып тасталды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 07.11.2022 № 327 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 260 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-166 тіркелген, 2011 жылғы 18 наурызда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) және 2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 983 "Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 260 "Сайлау өткізу кезеңінде кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-11-180 тіркелген, 2012 жылғы 20 қаңтарда "Сарыағаш" газетінде жарияланған) қаулыларының күштері жойылды деп танылсын.

4. "Сарыағаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Сарыағаш ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Сарыағаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы М. Доспуловқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Абдуалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Сарыағаш аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясының төрағасы

\_\_\_\_\_ А.Жұмасай

30 сәуір 2019 жыл

Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 178 қаулысына 1-қосымша

### **Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар тізімі**

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 07.11.2022 № 327 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 178 қаулысына 2-қосымша

### **Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 07.11.2022 № 327 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
Сарыағаш қаласы бойынша	
1	Қ.Монтаев көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 60 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
	Бәйтерек көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Толыбай батыр

2	атындағы № 66 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
3	Майлықожа көшесіндегі "Сарыағаш" дүкенінің сол жағы
4	С.Исмаилов көшесіндегі "Жеңіс" саябағына қарама-қарсы
5	Шораұлы мен С.Исмаилов көшелері қиылысының солтүстік шығыс жағы
6	Шәмші гүлзары көшесіндегі Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының "Қапланбек жоғарғы аграрлық-техникалық колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын ғимаратының сол жағы
Көктерек кенті бойынша	
7	Ы.Алтынсарин көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 16 И.В.Панфилов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
Ақжар ауылдық округі бойынша	
8	Ақжар ауылы, Д.Қонаев көшесіндегі Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Сарыағаш аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық мәдениет үйі ғимаратына қарама-қарсы
9	Бағыс ауылы, Егемендік көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 23 Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
Әлімтау ауылдық округі бойынша	
10	Әлімтау ауылы, М.Әуезов көшесіндегі № 18 үйдің оң жағы
11	Әлімтау ауылы, Ә.Молдағұлова көшесіндегі, Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 25 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
12	Тасқұдық ауылы, Эль-Фараби көшесіндегі № 15 үйдің оң жағы
13	Жайдақ құдық ауылы, Ғ.Мүсірепов көшесіндегі № 1 үйдің оң жағы
Дарбаза ауылдық округі бойынша	
14	Дарбаза ауылы, Бейбітшілік көшесіндегі "Әділ" дүкенінің сол жағы
	Тасқұдық ауылы, Жаңа жол көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 42

15	Ә.Жангелдин атындағы шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
16	Ердәуіт ауылы, Жастар көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 65 негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
17	Сарысу ауылы, Шұғыла көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 40 Н.Әбдіров атындағы негізгі орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
Дербісек ауылдық округі бойынша	
18	Дербісек ауылы, Нұрбайұлы Шоңғара көшесіндегі Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Сарыағаш аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Дербісек ауылдық мәдениет үйі ғимаратының оң жағы
19	Атамекен ауылы, Қ.Бахашбаев көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 64 А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
Жарты төбе ауылдық округі бойынша	
20	Төңкеріс ауылы, Абылайхан көшесіндегі № 6 үйдің сол жағы
21	Құрама ауылы, Абылайхан көшесіндегі "Бөдес" аялдамасының оң жағы
22	Ынтымақ ауылы, Ж.Айысұлы көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 9 Майлықожа атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
23	Бостандық ауылы, Абылайхан көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 35 Б.Ғафуров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
24	Достық ауылы, Тайтелі ата көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 32 Қ.Аманжолов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының қарама-қарсы жағы
25	Достық ауылы, С.Рахимов көшесіндегі № 4 үйдің сол жағы
Жемісті ауылдық округі бойынша	
26	Жемісті ауылы, Т.Төлендіұлы көшесіндегі № 72 үйдің оң жағы

27	Тың ауылы, М.Маметова көшесіндегі № 1 үйдің сол жағы
Жібек жолы ауылдық округі бойынша	
28	Жібек жолы ауылы, Кемпреков көшесіндегі "Ажар апай" дүкенінің сол жағы
29	Дихан баба ауылы, Бектұрғанов көшесіндегі № 13 үйдің сол жағы
30	Жаңатұрмыс ауылы, Майлықожа көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 53 М.Ғабдуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
31	Жаңақұрылыс ауылы, Т.Ботабеков көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 24 Ж.Сүлейменов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
32	Қарабау ауылы, Сүлейменов көшесіндегі № 14 үйдің сол жағы
33	Зортөбе ауылы, Қожахан көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 18 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
34	Сарқырама ауылы, Төле би көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 51 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
Жылға ауылдық округі бойынша	
35	Жылға ауылы, Сейдазов көшесіндегі "Сарыағаш ауданы Жылға ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
36	Шеңгелді ауылы, Құдайсүгір батыр көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 57 С.Мұқанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
37	Шайхана ауылы, Т.Бокин көшесіндегі № 9 үйдің оң жағы
38	Шымырбай ауылы, Тәуелсіздік көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 41 А.Асанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының қарама-қарсы жағы
39	Қарақалпақ ауылы, А.Бейсенбаев көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 26 Т.Өстеміров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы

40	Қызыласу ауылы, М.Мамедова көшесіндегі № 17 үйдің қарама-қарсы жағы
41	Нұрауыл ауылы, Қапанза көшесіндегі № 6 үйдің оң жағы
Қабланбек ауылдық округі бойынша	
42	Қабланбек ауылы, Тыщенко көшесіндегі "Айгөлек" бала-бақшасы ғимаратының сол жағы
43	Қанағат ауылы, Ж.Ешеев көшесіндегі Қазпочта ғимаратының қарама-қарсы жағы
44	Тасқұлақ ауылы, Тасқұлақ көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 52 М.Өтемісұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
45	Сіргелі ауылы (Чечерин), М.Есқұлов көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 36 Қ.Тоқмұхамедов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағы
46	Ақниет ауылы, Ұ.Тұрдықұлова көшесіндегі "Төбе бұзар" мешіті ғимаратының сол жағы
47	Жонарық ауылы, Достық көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 74 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
Құркелес ауылдық округі бойынша	
48	Ақниет ауылы, Пупащенко көшесіндегі Қазпочта ғимаратының оң жағы
49	Құркелес ауылы, Ақбура ата көшесіндегі "Береке" дүкенінің қарама-қарсы жағы
50	Дастан ауылы, Төле би көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 73 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
51	Ақ үй ауылы, Ү.Досболов көшесіндегі № 13 үйдің сол жағы
52	Жылысу ауылы, Бәйтерек көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 19 А.Оразбаева атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
53	Жаңаталап ауылы, А.Оразбаева көшесіндегі Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Сарыағаш аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Жаңаталап ауылдық клубы ғимаратының оң жағы
54	Алғабас ауылы, Жүндібай көшесіндегі № 15 үйдің сол жағы

55	Жаңаарық ауылы, Қ.Өтейбайұлы көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 67 Т.Тәжібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
56	Еңкес ауылы, Т.Рысқұлов көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 21 Яссауи атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
57	Береке ауылы, Тулпар көшесіндегі № 3 үйдің сол жағы
58	Дархан ауылы, А.Мұсаев көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 33 Б.Момышұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
59	Нұрлы жол ауылы, Айқынбеков көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 50 Б.Омаров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
60	Келес ауылы, Шапағат көшесіндегі Сарыағаш ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "№ 47 С.Көбеев атындағы бастауыш білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағы
61	Құлтума ауылы, С.Сейфуллин көшесі мен "Жызак-Гагарин-Жетісай-Сарыағаш-Жібек жолы" республикалық маңызы бар А 15 автомобиль жолы қиылысының шығыс жағы
Қызылжар ауылдық округі бойынша	
62	Қызылжар ауылы, Х.Оралов көшесіндегі Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Сарыағаш аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының Қызылжар ауылдық мәдениет үйі ғимаратының қарама-қарсы жағы
Тегісшіл ауылдық округі бойынша	
63	Таскескен ауылы, А.Омаров көшесіндегі "Толыбай батыр" мешіті ғимаратының оң жағы
64	Тегісшіл ауылы, Ш.Ибрагимов көшесіндегі Сарыағаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Сарыағаш аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның Тегісшіл ауылдық мәдениет үйі ғимаратының қарама-қарсы жағы
65	Мәдениет ауылы, Сүлеймен ата көшесіндегі № 26 үйдің сол жағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК